

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ ШІШЬСЬ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№42 (2426) 17/05/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Берик КАМАЛИЕВ,
ВИЦЕ-МИНИСТР ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ РК:

**МИНИСТЕРСТВОМ
СОВМЕСТНО С
БИЗНЕС-СООБ-
ЩЕСТВОМ РАЗРАБОТА-
НА КОНЦЕПЦИЯ ПРО-
ЕКТА НОВОГО ЗАКОНА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХ-
СТАН «О ЖЕЛЕЗНОДО-
РОЖНОМ ТРАНСПОР-
ТЕ», НАПРАВЛЕННАЯ
НА УРЕГУЛИРОВАНИЕ
ВЗАИМОТНОШЕНИЙ
УЧАСТНИКОВ ПЕРЕВО-
ЗОЧНОГО ПРОЦЕССА С
УЧЕТОМ НОВОЙ БИЗ-
НЕС-МОДЕЛИ ЖЕЛЕЗ-
НОДОРОЖНОГО
ОПЕРАТОРА**

ХАБАР-ОЩАР

АҚШ ЕЛШІСІ ТАМАШАЛАДЫ



«Жақсыны көрмек үшін» демекші, АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Уильям Мозер «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешеніне бірнеше ай болған елшінің елорданың айшықты теміржол кешенін көру идеясы қызықтырған көрінеді.

«Нұрлы жол» вокзал кешенінің бастығы Дінмұхамед Құсайынов кадрлі мейманды сый-құрметімен күтіп алып, америкалық дипломатқа вокзал кешенін таныстырып, заманауи нысан жұмысының технологиялық процесі туралы, персоналдың функционалдық міндеттері жайлы жан-жақты айтып берді.

Вокзал кешені директорының орынбасары Нұрлан Аманжолтың айтуынша, АҚШ елшісінің саулет және құрылыс саласынан хабары мол екен. Ол бұрын Еуразия құрлығындағы құрылыстарға жетекшілік еткен көрінеді. Жаңа елші ағылшын, орыс тілдерімен қоса қазақ тілінде де сөйлеп, вокзал қызметкерлерінің ризашылығына бөленген.

Мәртебелі мейманға күту залы, касса залы, фудкорт аймағы, капсулалық мейманхана және өзге де нысандар көрсетіліп, сервистік қызмет түрлері ұсынылды.

Уильям Мозер «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешені, айтса айтқандай, атына заты сай сәнді де саулетті ғимарат екеніне көз жеткізіп, көрсетілетін қызмет сапасын жоғары бағалапты және жолаушыларға заманауи қызмет көрсету деңгейінің әлемдік тәжірибесіне есепке ала жасалғандығын жеткізген.

Вокзал кешеніне саяхатшы елші мырза одан әрі жалғастырып, іссапарға пойызбен аттанып кетті.

Тағы бір жағымды жаңалық, тәулігіне 35 мың жолаушыға қызмет көрсетуге қауқарлы темір жол вокзалы кешенінде сервистің жаңа түрі пайда болды. Күні кеше жолаушылардың жайлылығы үшін қол жүгі мен бағадарды тасымалдайтын, тәулік бойы 24 сағат жұмыс істейтін арнайы қызмет іске қосылды.

Асқар ИСАКОВ
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

Стратегический меморандум о взаимопонимании подписан между АО «НК «ҚТЖ» и COSCO Shipping. Исторически важный документ подписан во время встречи председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауата Мынбаева и председателя правления компании China COSCO Shipping Corporation Limited Сю Лиронга в рамках XII Астанинского экономического форума в городе Нур-Султане.

ЛИНИИ СОТРУДНИЧЕСТВА



Асель ШАЙХЫНОВА

В целом в ходе переговоров обсуждались вопросы расширения взаимодействия в сфере транспорта и логистики.

– Для успешного сотрудничества в дальнейшем создаются все необходимые условия. Вы для нас очень важные партнеры. Теперь мы хотели бы еще активнее работать совместно над тем, чтобы упростить, улучшить доставку грузов в пункты назначения,

– подчеркнул Сауат Мынбаев.

В свою очередь, Сю Лиронг также отметил высокий потенциал сотрудничества и результативности совместной работы, направленной на развитие транспортно-логистической инфраструктуры, грузоперевозок по трансконтинентальным маршрутам.

Так, за последние семь-восемь лет контейнерные транзитные перевозки из Китая в Европу по территории Казахстана увеличились более чем в 200 раз. С одной стороны, такая стремитель-

ная динамика свидетельствует о верно выбранной стратегии развития трансконтинентальных транспортных коридоров, с другой – демонстрирует потенциал для дальнейшего увеличения объемов перевозимых грузов из КНР.

Стороны договорились и дальше продолжить совместную активную работу по созданию благоприятных условий для наращивания объемов перевозок грузов, развития контейнерного сервиса на маршруте Китай – Европа – Китай, протекающего через территорию Казахстана.

Только за четыре месяца 2019 года объем контейнерных перевозок между Китаем и Европой через Казахстан составил 93,2 тысячи ДФЭ, что на 40% выше аналогичного показателя 2018 года.

Во время переговоров отмечена успешность взаимодействия в развитии совместного предприятия с компанией COSCO Shipping и портом Ляньюньган в сухом порту Khorgos Gateway как стратегического партнерства, позволяющего интегрироваться в глобальные логистические цепочки, привлечь дополнительные контейнерные потоки, развивать трансконтинентальные перевозки с использованием казахстанской транспортно-логистической инфраструктуры.

На встрече казахстанская сторона проинформировала китайскую делегацию об организации перевозок контейнеров фидерными судами по Каспийскому морю.

По итогам встречи подписан стратегический меморандум о взаимопонимании между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и China COSCO Shipping Corporation Limited.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦСЖТ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ СОДРУЖЕСТВА СВЕРИЛИ ЧАСЫ

14–15 мая текущего года делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с первым заместителем председателя правления компании Канатом Альмагамбетовым приняла участие в работе 70-го заседания Совета по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества в Хельсинки.

Алибек ТОЛЕГЕНОВ

Столица Финляндии была выбрана местом проведения встречи во второй раз (заседание совета также проходило там в 2011 году). Железнодорожная компания этой страны VR Group является ассоциированным членом совета. В заседании приняли участие 17 же-

лезнодорожных администраций.

В ходе заседания подведены итоги эксплуатационной работы сети железных дорог, деятельности пассажирского комплекса в международном сообщении за 2018 год и первый квартал 2019 года.

В целом рассмотрено и согласовано более 10 вопросов по обеспечению бесперебойной работы

железнодорожного транспорта, беспрепятственного движения пассажирских и грузовых поездов по сети железных дорог стран – участниц заседания.

В 2018 году по сети железных дорог стран СНГ перевезено свыше 2 миллиардов 32 миллиона тонн грузов, что на 1,5% больше, чем в 2017 году.

Грузооборот вырос на 4%.

В первом квартале 2019 года перевезено более 495 миллионов тонн грузов, что выше уровня аналогичного периода 2018 года на 0,4%. В числе железнодорожных администраций, перевыполнивших принятые обязательства по погрузке грузов, – АО «НК «Қазақстан темір жолы» (на 0,6%).

При этом на пространственные Содружества опережающими темпами растут контейнерные перевозки: в 2018 году – на 12,8%, в первом квартале 2019 года – на 15,5% к аналогичному периоду прошлого года.

(Окончание на 3-й стр.)

КӨРМЕ

ӘЛЕМ НАЗАРЫ – АҚТАУДА

Ақтауда 13-15 мамыр аралығында «Каспий порттары және кеме қозғалысы-2019» атты бірінші халықаралық көрме және конференция өтті. Шараға халықаралық деңгейдегі 30-дан астам шетелдік көлік және логистика компанияларының өкілдері мен 40-тан астам сарапшылар қатысып, Каспий теңізі аймағының көліктік инфрақұрылымын пайдалану арқылы аймақтық экономика мен сауда-саттықты дамытудың жаһандық тенденциясын талқылады.

Әсел ТАНАТАРОВА,
Маңғыстау

Қазақстан темір жолы компаниясынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Павел Соколов, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ президенті Абай Түрікпенбаев, тағы бірқатар жауапты тұлғалар қатысып, ұлттық компания мүмкіндіктерін паш етті.

Көлік және логистика саласындағы азық-тәжірибелермен алмасу, тасымалдау процесінің барлық қатысушыларымен тұрақты байланыс орнату мақсатында ұйымдастырылған конференция Ақтау қаласындағы «Caspiar Rivera» қонақ үйінде өткізіліп, көрмеде 300-ден астам теміржол, теңіз, көлік және логистика компаниялары, өңірдегі жетекші жүк жөнелтушілер, порт жабдықтары және қызмет көрсету мекемелерінің өкілдері өнімдерін ұсынып, мүмкіндіктерін таныстырды.

Конференцияда «Әлем нарығы мен халықаралық



логистика. Азия және Еуропа арасындағы сауда жолдарын дамыту және жетілдіру» тақырыбы бойынша өткен сессияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Павел Соколов сөз сөйледі. Ол ұлттық компания ұсынып отырған көліктік-логистикалық қызмет түрлері, транзиттік контейнерлік тасымалдардың көлемі жайлы кеңінен мәлімет берді.

«Бүгінгі таңдағы біздің жұмысымыз Қазақстан арқылы қосымша жүктерді тартуға бағытталып отыр. Жүк айналымы көлемінің 13

пайызын транзиттік тасымалдар құрайды. Біз Қытайдан Еуропаға және кері бағытта Қазақстан арқылы өтетін көлік дәліздері арқылы жүк жеткізудің бірнеше нұсқасын ұсына аламыз» – деген Павел Соколов ҚТЖ бүгінгі таңда барлық іскерлік белсенділігін логистикалық компаниялары арқылы ұсынып отырған транзиттік уақыттың сақтауы үшін көрші елдердің теміржолдарымен байланысты дамытуға бағыттап отырғанын жеткізді.

Жиынға қатысқан Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғ-

жанов Елбасы саясатының арқасында тәуелсіздік жылдары елімізде 2,5 мың шақырым жаңа теміржол мен 12 мың шақырымнан астам автожол салынғанын, теңіз жағалауында жаңа көпфункционалды порт және соңғы үлгідегі логистикалық орталық бой көтергенін атап өтті. Айтуынша, Фидер кемесі іске қосылғаннан кейін жүк тасымалы бірден артқан.

Порттың табысы 2020 жылға қарай 40 пайызға ұлғаймақ екен. Облыс әкімі мұны жақсы көрсеткіш деп бағалады. Бұл тек біздің өңірімізде ғана емес, бір желіде орналасқан басқа елдердің де тасымалы артатындығын көрсетеді.

Конференцияда ҚР ИДМ Көлік комитеті төрағасының орынбасары Қайриден Нұрқенов баяндама жасап, порттардың қуатын арттыру мақсатында Ақтау портында екі жаңа терминал салынғандығын, бүгінде қазақстандық порттардың қуаты 26 млн тоннаға дейін жетіп отырғандығын мәлімдеді.

Ал, Ақтау халықаралық теңіз сауда портының президенті Абай Түрікпенбаев Ақтау теңіз порты елімізде жаһандық және өңірлік нарықтармен байланыстыратын аса маңызды транзит екендігін айта келе, конференцияда жасалған ұсыныстар барлық қатысушыларға пайдалы боларына, бұл іс-шара өзара тиімді көлік стратегияларын құру жолындағы ортақ мақсаттарға қол жеткізуге және транзиттік жүктерді тартудың тиімді тетіктерін құруға ықпал етеріне сенімділігін жеткізді. «Осындай маңызды имидждік оқиғаның қазақстандық алаңда өткізілуі отандық көліктік-логистика секторын дамытуға мол мүмкіндік бермек», – деді ол.

Суретті түсірген автор

ПРОЕКТ

ОБЪЕМЫ ОТГРУЗКИ УВЕЛИЧАТСЯ

В Костанайском отделении грузовых перевозок будет реализован очередной прорывной проект, благодаря которому удастся составить порядка 10–12 миллионов тонн.

Пока этот проект только на бумаге, но уже обрел реальные очертания. Планируется осуществить запуск фабрики окомкования Качарского рудоуправления до 2024 года. Благодаря чему с Качарского месторождения АО «ССППО» планируется организовать перевозки железорудного сырья. По словам директора филиала АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – Костанайское отделение ГП Вячеслава Миронова, планируемый годовой объем отгрузки готовой продукции должен составить порядка 10–12 миллионов тонн.

Реализатором проекта – компанией ENRC – рассмотрены три варианта возможных маршрутов перевозок ЖРС назначением на Магнитогорский металлургический комбинат. Первый – это строительство порядка 40 километров подъездного пути от Качарской площадки с выходом на станцию Джаркул. Ранее эта ветка существовала с выездом на разъезд 219 между станциями Успенковка – Джаркул. Далее маршрут следования через Золотую Сопку (РЖД), Карталы. Протяженность маршрута – 404 километра. Для реализации необходимо открыть международный государственный стыкующий пункт Золотая Сопка и строительство разъезда 219.

Второй предполагаемый маршрут – строительство порядка 120 километров подъездного пути с выходом на станцию Бускуль (РЖД), далее через станцию Карталы. Для реализации данного варианта необходимо развивать станцию Бускуль (РЖД). Протяженность маршрута – 347 километров.

И третий – строительство порядка 60 километров пути с примыканием к существующему подъездному пути Кызылжарского рудника АО «ССППО», который примыкает к станции Баталы с выходом на станцию Карталы. Для реализации данного варианта необходимо развивать станцию Баталы. Протяженность маршрута – 321 километр. Из перечисленных вариантов наиболее эффективным для АО «ССППО» является третий. Наименьшая из предложенных протяженностей маршрута позволяет сократить тарифное расстояние по территории Казахстана на 80 километров.

– Для Костанайского отделения грузовых перевозок этот маршрут эффективен в части оптимизации вагонопотока станций Железородная, Тобол и сокращения оборота вагона за счет меньшего расстояния, – говорит Вячеслав Миронов.

С постройкой АО «ССППО» фабрики в поселке городского типа Качар по производству железорудных окатышей и железорудного концентрата, начиная с 2024 года, железорудная продукция будет отгружаться со станции Баталы в адрес ПАО «ММК». Прогнозные увеличения доходности компании «ҚТЖ» составит порядка 1,8 миллиарда тенге в год. Между тем еще до реализации этого проекта прогнозные увеличения в 2019 году перевозки железной руды грузоотправителем АО «ССППО» составит порядка 1 миллиона 597 тысяч тонн (22 970 вагонов). Также планируется увеличение отгрузки и в течение последующих 5 лет (2019–2025 гг.). В 2019-м – на 13 миллионов 692 тысячи тонн, в 2020-м – на 13 миллионов 911 тысяча тонн, в 2021-м – на 13 миллионов 970 тысяча тонн, в 2022-м – на 14 миллионов 540 тысяча тонн, в 2023-м – на 15 миллионов 99 тысяча тонн, в 2024-м – на 15 миллионов 622 тысяча тонн, в 2025 году – на 16 миллионов 413 тысяча тонн.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай

ЦИФРА НОМЕРА

ОКОЛО

9 000 000

ТОНН ГРУЗОВ В ГОД ПЕРЕВОЗЯТ ПО ЛИНИИ ШАР – УСТЬ-КАМЕНЕГОРСК

АҚПАРАТ

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржолда билетсіз жүру және заңды түрде рәсімделмеген жүкті тасымалдау әрекеттеріне тосқауыл қою мақсатында өткен жылдың сәуір айында «нөлдік» төзімділік принципі енгізілген болатын.

Ол бойынша заңсыз әрекетке бой алдырған Компания қызметкерлеріне қатаң жаза қолданылады. Бүгінде осыған орай заң бұзған жолсеріктер мен пойыз басшыларының ісі онлайн түрде орталық аппараттық жауапты қызметкерлерімен бірге қаралып келеді. Биылғы жылдың алғашқы 4 айында Компания тарапынан 2146 пойыз тексеріліп, билетсіз жүрген 70 жолаушы анықталған, нәтижесінде 23 қызметкермен еңбек келісімшарты тоқтатылыпты. Яғни, жұмыстан шығарылған.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ қашан да өз жолаушыларына жолда көрсетілетін қызметтің, сервистің жоғары деңгейде болуын қадағалап, сапар барысында баршаға қолайлы жағдай жасауға атсалысады.

Сондықтан компания өз жолаушыларына егер жолда көңілден шықпайтын фактілерге тап болса, мысалы, жағымсыз иіс, лас пойыз, әжетхана бөлмесінде судың тапшылығы, жыртық немесе кір төсек-орын және тағы басқа жайттарға куә болған жағдайда міндетті түрде жолсерікке немесе пойыз басшысына шағымдануға кеңес береді. Жолаушының талабы бойынша жолсерік міндетті түрде шағым кітапшасын беруі керек. Сонда жазба қалдыруды немесе фотобейне түсіріп, 1433 бірыңғай қызмет орталығына немесе Компанияның ресми сайтындағы Бас директордың блогына жазып жіберуді ұсынады.

Ислам ТАЛҒАТ

ВАГОНДАР САНАҒЫ ЖҰРУДЕ

Осы аптада Маңғыстау ЖТ бөлімшесінде жүк паркіндегі жалпы желілік вагондар санағы жүргізілді.

Мамандардың айтуынша, вагондар санағын жүргізудегі басты міндет – жүк тасымалын дұрыс жоспарлау үшін парк саны мен оның жағдайы туралы нақты деректер алу. Бұл жұмыс жыл сайын мамыр айында жүзеге асырылады. Жүк тасымалы бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітовтің айтуынша, санақты жүргізу үшін станцияларда «Қазтеміртранс» АҚ өкілдері мен вагон пайдалану депосы және станция қызметкерлерінен 300-ге жуық адамнан тұратын 81 санақ бригадасы құрылған. Жүк паркінің филиал шеңберінде тұрған барлық вагондардың теңгерімдік болуы қамтылды.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

ҮШ АЙЛЫҚ БАСТАЛДЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша 15 мамырдан бастап «Темір жол станциясының сапалы техникалық тарату акті (ТТА) – пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кепілі» атты үш айлық шара басталды.

Станцияның ТТА-сі пойыздарды жөнелту және өткізу, сонымен қатар кедергісіз әрі қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз ететін техникалық құралдарды қолдану тәртібін, маневрлік жұмыстарды қауіпсіз жүргізу ретін бекітеді.

Еліміздегі барлық станцияларда өткізілетін айлық шеңберінде станция ТТА-сі мен оның қосымшасын жасау бойынша жауапты тұлғалардың білімі тексерілмек. Маңызды айлық 15 тамызда аяқталады.

Техникалық тарату актісі құрамына 4 бөлім кіреді. Бірінші бөлімде станцияның қысқаша сипаттамасы көрсетіліп, станция класы, байланыс және белгі беру құрылғылары, кіреберіс жолдың дамуы, станция жолдарының сыйымдылығы, байланыс желілері туралы деректер келтіріледі. Екінші бөлімде пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысшылардың міндеті анықталады.

Ал үшінші бөлімде маневрлік локомотивтер жұмысының ауданы, станцияның әр ауданындағы маневрлік қозғалыстың ерекшеліктері туралы мәліметтер және т.б. деректер келтіріледі. Соңғы бөлімде станция қызметкерлерінің жеке бас қауіпсіздігі техникасы жөніндегі шаралар жайы айтылады.

Техникалық тарату актісін станция бастығы жасайды, ал қозғалыс ревизоры тексеріп, бекітеді.

Ұлан ОРАЗ

СЕМИНАР

БІЛІМДІНІҢ БАҒАСЫ БИІК

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ орталық аппараты мен ел өңірлердегі филиалдардың заң және кадр қызметтері мамандарының біліктілігін арттыруға арналған үш күндік семинар өтуде.



Сұлғұл БАКЕСОВА

Семинарды «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік қамтамасыз ету және даму жөніндегі орынбасары Әділжан Исмухамбетов ашып, қатысушыларға: «Оқу-білім қай жаста да, қандай қызметтік мансапта да қажет. Ал бұл семинар Қазақстан Республикасының заңдарымен тығыз жұмыс істейтін заңгерлер, кадр саласы қызметкерлеріне өте керек, жұмыстарын сауатты әрі жемісті жүргізуге септігін тигізеді. Сондықтан үш күндік семинардан алар

білімдеріңіз мол болсын», деген тілегін білдірді.

Семинарды ұйымдастырушы – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті мамандарының айтуынша, жыл сайын заң қызметі қызметкерлерінің білім-біліктілігін арттыру бойынша оқыту үшін семинарлар өткізуге қызметтерді саып алуға қаржы бөлінуді екен. Өткен жылы осыған ұқсас семинар «ҚТЖ» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен Ұлттық компанияға қарасты компаниялар тобында жұмыс істейтін заңгерлерге арналып өткізіліпті. Ал биыл «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті мамандарының айтуынша, жыл сайын заң қызметі қызметкерлерінің білім-біліктілігін арттыру бойынша оқыту үшін семинарлар өткізуге қызметтерді саып алуға қаржы бөлінуді екен.

ЦИФРЛАНДЫРУ

АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ: ТИІМДІЛІК ПЕН ТАБЫС

Шымкент темір жол бөлімшесінде жүк тасымалдау процесін ақпараттандыру барысы қалай жүріп жатыр? Цифрлық технологияның теміржол саласы жұмысын жаңдандырудағы рөлі қандай? Жүк операцияларын жетілдіру үшін автоматты басқару жүйесі бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?



Жансаы СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Шымкент ЖТ бөлімшесі автоматты басқару жүйесі бөлімінің бастығы Әскер Бақбергенов осы және басқа да тасымал үдерісіне қатысты мәселелерге қатысты түсінік берді. Оның айтуынша, Шымкент ЖТ бөлімшесі 2016 жылдан бастап АСУ ДКР жүйесіне көшкен. Бұл жүйенің өзгешелігі, клиенттер тапсырысты өздері жібереді. Электрондық тапсырыс бойынша станциялардағы тауар кассирлері сол жүктерді растайды.

вагондарды жөндеуге беру, жинау бойынша атқарылатын жұмыс орындары автоматтандырылған. Ынтымақ, Жылға, Жетісай станцияларында тауар кассирлері штаты жоқ.

– Ынтымақтағы вагон, пойыздардың операциясы туралы ақпаратты Сәтсөбе станциясының жұмысшылары атқарса, Жетісай станциясының мәліметтерін Мақтаарал станциясы енгізеді. Ал Жылға мен Шеңгелдінің ақпараты Дарбоза станциясы арқылы енгізіледі. Жылға станциясында тек электронды почта ғана бар, – дейді Әскер Бақбергенов.

Шымкент бөлімшесінде 39 ірлі-ұсақты бекет бар, соның ішінде 29 станциясында жүк операциялары үздіксіз жүргізіледі. Оның ішінде 23 станция автоматтандырылған, 6 станция ақпаратты енгізетін және шағын көлемді жүк жұмыстарын орындайтын штат жоқ кезде қолдану үшін бекітілген. Қалған бөлік бекеттер пойыздарды тастау үшін пайдаланылады.

Жалпы, АСОУП жүйесіне 24 станция қосылған, 8 станцияда автоматты басқару жүйесі пайдаланылады. Олар – Арыс, Сарыағаш, Шымкент, Қазығұрт, Текесу, Түркістан, Түлкібас, Қызылсай. Қалған 17 станцияда ең бірінші кезекте кірме жолдағы жүк вагондарына жүк тиеу мен түсіру,

орнын қосу үшін «Continental Logistics Shymkent» ЖШС Көлік-логистикалық орталығының аумағында орналасқан ғимаратқа талшықты-оптикалық байланыс желісі бойынша байланыс каналын орнатқан. Қазір ол жерде байланыс телефоны мен КСПД жұмыс орны қосылған. Текесу станциясы бойынша да «Петро Қазақстан» ЖШС осы аталған талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдаланып отыр.

– Қазір жүк тиеу үшін жүк жөнелтуші барлық мекемелермен келісімшартқа отырып жатырмыз. 17 сәуірден бастап осы құжаттардың бәрін қағазсыз рәсімдеуге көшірілуде. Бүгінгі таңда бізде, мысалы, 220 шақты жүк жөнелтушіміз бар. Биыл осы жаздың аяғына дейін Ресеймен де қағазсыз жұмыс істеуді бастаймыз деп отырмыз. Шыны керек, 2016 жылдан бері қағазбастылықтан арылып, жұмысымыз жеңілдеді. Жүйені басында енгізген кезде көп түсініспеушіліктер болды. Ай сайын кем-кетіктереді Астанадағы Үкімет жүйесі департаментіне жіберіп

отырдық, олар жөндеп қалыпқа түсіріп отырды, – деді АБЖ бастығы.

Әскер Әлімқанұлының айтуынша, жақында тағы бір жоба іске қосылғы отыр. Ол – пойыз бен вагондарды қарайтын коммерциялық автоматты жүйе. Жоба бойынша Өзбекстаннан келе жатқан пойыздар, мәселен, тексеруге кірмей жатып, тек шекарадан 100 метр жерден бақыланатын болады. Яғни, келе жатқан вагонның артық салмағын, габаритін тексереді. Егер артық салмақпен келе жатса, жүйеде бірден белгіленеді. Бұрын көзбенен растайтын. Қазір автоматты жүйе қай вагон екенін бірден көрсетіп тұрады екен.

Жалпы, теміржол саласын цифрландыру, автоматтандыру – қағазбастылықтан арылатын жүйе. Айталық, халықаралық маңызы бар Сарыағаш станциясы Өзбекстанмен шекаралас жатыр. Ол жерден ары қарай Тәжікстан, Иран, Ауғанстан, Қырғызстанға қаншама жүк пойыздары қатнайды. Ал жүк көбейген сайын автоматты басқару жүйесі теміржолшылардың жұмысын жеңілдетері сөзсіз.

Одан басқа, ГИД УРАЛ-32 жүйесі диспетчерлер жұмысын оңтайландырады. Ал локомотив шаруашылығында электронды маршрут қолданылады, яғни әр локомотивке құрал қойылады. Онда спутник арқылы локомотив қайда жүргенін ғана емес, оның жылдамдығын, жанармай шығынын да көрсетіп тұрады. Соның ішінде, машинистің электронды маршруты да бар. Бұны да қолдансақ енгізілгеннен екі жыл болған. Міне, осының бәрі, түптеп келгенде, тиімділік пен табыс көзі деп санайды Ә.Бақбергенов.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК

АБАЙЛАШЫ, БАЛАҚАЙ...

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ теміржолға жақын орналасқан оқу орындарында болат жолдан өту қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейтуде. Өйткені, аз күнде балалардың жазғы каникулы басталады.

Райхан РАХМЕТОВА

Осы аптада Нұр-Сұлтан қаласындағы №36 мектепке елорданың локомотив пайдалану депосы мен Нұр-Сұлтан-1 станциясының қызметкерлері барып, оқушылармен кездесті.

– Темір жол – аса қауіпті аймақ саналатынын балаларға ескерте отырып, одан өту, оның айналасына жақын болғанда жүру ережелерін түсіндірдік. Оқушылар темір жол бойында вагондарға жақындамауын, 5 метр арақашықтықты сақтауын, келе жатқан пойыздарды өткізіп жіберуін және бағдаршамның түсіне назар аударуын айттық. Сонымен қатар қазіргі таңда

жастар болсын, ересектер болсын құлаққап тағып алып, жолдан өтерде жақындап қалған пойыздың даусын естімей қалып ажал құшып жатыр. Жүйткіп келе жатқан пойыз машинисі ол адамды көріп тежегішті басқанымен, пойыз бірден тоқтамайды. Сондай-ақ, ойнап жүріп вагондар үстіне шығар болса, оның үстіндегі электр тогының қуаты өте күшті, 5 метрден-ақ адамды ток ұратынын екінші бірі біле бермейді. Балалар қайғылы жағдайға тап болмауы үшін осындай ақпараттармен бөлістік. Жоспар бойынша бүгін 7 сынып оқушыларымен кездестік, – дейді ТЧЭ-11 мекемесінің инструктор-нұсқаушысы Сырым Беков.

Теміржол қызметкерлері оқушы-

ларға жолдан өту ережелері анық айтылған слайд-шоу көрсетіп, балалардың сұрақтарына жауап берді және «Өз өміріңді сақта!», «Өткелге дейін тоқта!», «Аса қауіпті аймақ» деген тақырыптары бар брошюралар таратты.

Нұр-Сұлтан-1 станциясының қауіпсіздік бойынша бас маманы Маржан Айтмағамбетова да сөз алып, жол қысқартамын деп вагон астынан немесе автогізбектер үстінен басып өту өте қауіпті екенін, сонымен қатар бағыттама бұрмалары бар жерден өтуге болмайтынын, тайып кетіп, мезгіл-мезгіл бағытын бұрып тұратын бұрмалар арасында аяқ қысылып қалу қауіпін ескертті.

Шараға «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ баспасөз қызметінің өкілдері де қатысып, түсіндіру жұмыстарының ұйымдастырылуына мұрындық болды. Олардың берген мәліметтеріне, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы үшін арнайы жасалған шаралар жоспарына сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылған. Атап айтқанда,



осы жылдың бірінші тоқсанында үйлестіру кеңесінің 51 жиыны өткізілген, оларға көлік прокурорлары, полиция қызметкерлері, ҚР ИДМ көліктік бақылау бойынша аумақтық органдары өкілдері мен Жүк тасымалы бөлімшелерінің шегіндегі қатысы бар қызметтер мамандары қатысқан. Желілік тәртіп сақшылары, әскерилендірілген күзет, магистральдық желі бөлімшесі филиалдарымен бірлесіп 12191 азаматты қамти отырып, теміржолдан өту қауіпсіздігін түсіндіру бойынша кездесулер өткізілген. Темір жолда жүру ережелерін түсіндіру жөнінде оқу орындары мен кәсіпорындарда

701 әңгімелесу жиыны өткізіліп, бейнежазбалар көрсетілген. БАҚ беттерінде қоғамның аймақтардағы басшылар атынан аса қауіпті аймақта бөгде адамдардың жүруінің алдын алу, қауіпсіздік ережелері туралы және басқа да тақырыпта 29 мақала жарық көрген. Сонымен бірге біріккен рейдтер ұйымдастырылған.

Локомотив бригадалары темір жол көлігі нысандарындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізіп отырады. Ай сайын қоғамның барлық филиалдарына локомотив бригадаларымен жұмыс жүргізу үшін адам,

мал басу, көлікпен соқтығысу бойынша талдау нәтижелері жіберіледі. Жоспарлы отырыстарда, техникалық сабақтарда тұрақты түрде локомотив бригадаларын жолға жақын бөгде адам немесе мал жүргені туралы ақпараттандыру талап етіледі. Олар өз ауысымы біткенде машинистердің ескерту журналына тиісті қызметтерге ақпаратты жеткізу үшін жазба қалдырады. Тұман, жел, боран сияқты табиғат құбылыстарына байланысты белгі беру құрылғылары дұрыс көрінбеген жағдайда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін хабарлама белгіні көбірек беріп, белгіленген жылдамдықты азайту керектігі айтылады. Сондай-ақ теміржолда жарақаттану жайттары анықтатып және жол бермеу үшін ҚТЖ баспасөз қызметімен бірлесіп темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігі профилактикасы бойынша үш бейнеролик таратады. Бұл бейнероликтер барлық әлеуметтік топтарда кең таралған. Сондай-ақ, қауіпті аймақта бөгде адамдардың шығуының алдын алу және темір жол өткелдерінен өту ережелерін сақтау бойынша автокөлік жүргізушілері және халық үшін 5 нұсқалық дизайнды буклеттер жасалып таратылған.

ЦОЖТ



ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ СОДРУЖЕСТВА СВЕРИЛИ ЧАСЫ

(Окончание. Начало на 1-й стр.) Как отмечалось на заседании, рост контейнерных перевозок стал возможен благодаря плодотворному сотрудничеству железнодорожных администраций. Для ускорения движения поездов на железных дорогах Казахстана, России и Беларуси вводятся специальные расписания, а также внедряются длиннооставные поезда.

Перевозки пассажиров в международном сообщении по железным дорогам СНГ за 2018 год составили 18,6 миллиона человек, что на 0,7% больше, чем в 2017 году.

На заседании рассмотрены вопросы актуализации нормативно-технической документации в области железнодорожного транспорта. В частности, утверждены изменения и дополнения в ряд документов, касающихся вагонного, пассажир-

ского хозяйств. Принятые решения направлены на улучшение деятельности по ремонту и техническому содержанию подвижного состава, повышению эффективности грузовых и пассажирских перевозок, работы сети железных дорог в межгосударственном сообщении.

Участники заседания подвели итоги номерной переписи контейнеров в 2018 году и подготовки к переписи грузовых вагонов в 2019-м.

В центре внимания были также вопросы, связанные с разработкой графика движения пассажирских поездов на 2019–2020 годы. Как отметил председатель Дирекции совета Виктор Попов, в действующем расписании, введенном в декабре 2018 года, впервые с 2007 года увеличены размеры движения международных поездов – до 116 пар. При разработке графика движения

